КОПИЯ/КӨШІРМЕ

ШЕШІМ
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
(қысқаша шешім)

2024 жылғы 04 желтоқсан №7119-24-00-2/14993 Астана қаласы

Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы А.С.Алимбетов, оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
Астана қаласы әкімдігінің «№ 2 балалар мен жасөспірімдердің мамандандырылған спорт мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
Жеке кәсіпкер «FM design» атынан - Исаинова Мәдина Ерсаиынқызы

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
1.Мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану туралы
2.Тұрақсыздық айыбын өндіру туралы

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 267-1 - 267-4 басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Астана қаласы әкімдігінің «№ 2 балалар мен жасөспірімдердің мамандандырылған спорт мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің жеке кәсіпкер «FM design» атынан - Исаинова Мәдина Ерсаиынқызына қойған мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп тану және тұрақсыздық айыбын өндіру туралы талап қоюы - қанағаттандырылсын.

Жеке кәсіпкер «FM design» атынан - Исаинова Мәдина Ерсаиынқызы мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

Жеке кәсіпкер «FM design» атынан - Исаинова Мәдина Ерсаиынқызынан мемлекет кірісіне 1846 (бір мың сегіз жүз қырық алты) теңге мөлшерінде мемлекеттік баж өндірілсін.

Жеке кәсіпкер «FM design» атынан - Исаинова Мәдина Ерсаиынқызынан мемлекет кірісіне 12 997 (он екі мың тоғыз жүз тоқсан

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

жеті) теңге тұрақсыздық айыбы және 130 (бір жүз отыз) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы. Арыз, егер жауапкер талап қою арызының келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және пікірді, сондай-ақ шешімнің мазмұнына әсер ете алатын дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда беріледі.

Шешімге - осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілген жағдайда, сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін тараптар және прокурор АПК-нің 403, 404-баптарының талаптарын ескере отырып, шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап бір ай ішінде Астана қаласының мамандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Астана қаласының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына апелляциялық шағым, апелляциялық өтінішхат беруі мүмкін.

Судья **А.С.Алимбетов**

Құжатқа қол қойылған: Алимбетов А. С., 04.12.2024

Заңды күшіне енген күні: 14.01.2025, судья Алимбетов А. С., 21.01.2025

7119-24-3-1/14518